

Гүлбақша Мұсабаева,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дің
құқықтық пәндер кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты.

Ажары атқан таңдай

“ӘР АДАМНЫҢ ТУҒАН ЖЕРІ - МЫСЫР ШАҒАР” ДЕГЕН ҚАНАТТЫ СӨЗ БЕКЕР АЙТЫЛМАСА КЕРЕК. ҚАЙ ЖЕРДЕ ЖҮРСЕМ ДЕ ӨСКЕН ӨЛКЕМ ҚЫЗЫЛЖАРЫМ ЖҮРЕГІМНЕН БІР СӘТКЕ ДЕ ЖЫЛЫСТАҒАН ЕМЕС.

Студент кезімде туған жерім Қызылжарымды жиі сағынатынмын. Сондай сәттерде біздің өңірімізде дүниеге келіп, қазақ әдебиетінің қоржынына өшпес олжа салған қаламгерлердің туындыларын нарақтайтынмын. Олар суреттеп жазған Қызылжардың қарағайлы ормандары, жұпар ауасы жаныма шуақ сыйлайтын.

Мен - Мағжан Жұмабаев ауданындағы Ноғайбай ауылының тумасымын. Мектепті бітірген соң Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, кейін сонда қызмет еттім. 2000 жылы аспирантураны тамамдағаннан кейін аққайыңдар өлкесіне оралдым. Студент кезімде туған жерім Қызылжарымды жиі сағынатынмын. Сондай сәттерде біздің өңірімізде дүниеге келіп, қазақ әдебиетінің қоржынына өшпес олжа салған қаламгерлердің туындыларын парактайтынмын. Олар суреттеп жазған Қызылжардың қарағайлы ормандары, жұпар ауасы жаныма шуақ сыйлайтын.

Петропавл - менің саналы ғұмырым өтіп жатқан қала. Дәл осы жерде отбасын құрдым, ана, әже болдым, екі қызым, ұлым мен немерелерім осында дүниеге келді. Ғылымда да, педагогикада да өз жолымды таптым. 2000- 2007 жылдары Солтүстік Қазақстан заң академиясына жұмысқа орналасып, заңгер-оқытушылардың кәсіби ортасына түстім. Қазір М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің құқықғык пәндер кафедрасының ұжымы сапында жұмыс істеймін. Біздің университет еліміздегі ең үздік және беделді жоғары оқу I орындарының ондығына кіреді. Маған студенттер және магистранттармен жұмыс істеген ұнайды. Менің ғылыми жетекшілігіммен 40-қа жуық кандидаттық диссертация қорғалды. Университеттің қолдауының арқасында төрт жыл бойы сабақ беріп келе жатқан “Медиация негіздері” авторлық курсына жасадым. Қазіргі уақытта заң ғылымдарының кандидаты және Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі атағым бар.

Қызылжар - менің екі үлкен монографиямның, бестен астам оқулығымның және 300 ғылыми мақаламның дүниеге келуінің куәгері. Дәл осы жерде мен ғалым болып қалыптастым.

Бұдан бөлек, шаһарымыз маған даулар мен жанжалдарды сотқа дейінгі реттеу маманы - медиатор мамандығын игеруге көмектесті. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы жанындағы Достық үйінде және “Қоғам- дық келісім” коммуналдық мем- лекеттік мекемесінде аймақтағы медиаторлардың жұмысын реттеймін. Бұл жұмыс қызықты әрі көп қырлы. Медиация рәсімінің арқасында ерлі-зайыптыларды ажырасудан, еңбек, тұрмыстық және басқа даулар мен жанжалдардан құтқаруға көмектесемін. Бұл - менің қаламның мен гүлденуіне қосқан үлесім.

Петропавл - менің “Urpa” қазақ мәдени-ағарту орталығына басшылық еткен, этномәдени бірлестіктерге арналған “Qazagtany” жобасын жүзеге асырған қалам. Соның арқасында мен өз халқымның мәдениеті мен оның дәстүрлерін өзге этностардың өкілдеріне насихаттадым.

Мен үшін Қызылжар — білімді әрі руханиятқа жақын адамдар көп шоғырланған ғылым және шығармашылықтың, татулық пен бейбітшіліктің берік ордасы. Біз тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар Ресей Федерациясының көршілес аймақтарында не болып жатқанынан үнемі хабардармыз, өйткені біздің қаланың орналасуы ерекше. Шаһарымыз Омбы, Қорған және Түмен облыстарымен шекаралас. 2018 жылы

Петропавлда екі мемлекет басшыларының қатысуымен Қазақстан мен Ресейдің XV аймақ-аралық ынтымақтастық форумы өткенде Қызылжардың дүйім қазақ жұрты үшін “Солтүсіктің қақпасы” санапатынын жан жүрегіммен сезінгендей болдым.

Әріптестерім мен құрбыларым менен бос уақытымды қай жерде жиі өткізетінімді сұрап жатады. Мен сол кезде оларға Достық үйінің жанындағы субұрқақты нұсқаймын. Ол жерде жан тынығып, көңіл қуанады. Қазақстан Конституциясы көшесі де мен үшін қымбат. Маған осы көшеде серуендеген өте ұнайды. Әсіресе мереке күндері шеберлеріміз өз өнімдерін, суреттерін, ою-өрнек-терін көрмеге қойғанда көшеміз жайнай түседі. Бұл көше Алматыдағы Жібек жолын еске түсіреді. Болашақта бұл көше Оңтүстік астанамыздағы келбеті келіскен көшелерден асып түсетініне бек сенемін.

// Қызылжар нұры.- 2021.- 23 шілде.